

Басталуы
10мин


Жаңа топ құру

«Әсерлерімізбен бөлісейік» жылудық шеңбері

Педагог балаларға 1-2 минут көздерін жұмып,өздерін тағы да табиғат аясында,көк майса шалғында жатып,көк аспан,аппақ бұлттарды көріп,кұстардың сайраған әнін,судың сыбдырын естіген кездерін елестетуді ұсынады.

Жыл мезгілдері

4 жыл мезгілдерінің суреттері жасырын қойылады, Әр оқушы бір-бірден жасырын қағазды алады. Сурет бойынша топқа бөлінеді.



Жұмыс ережесін келісу

- ↓ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!
- ↓ Уақытты үнемдейміз!
- ↓ Нақты,дәл жауап береміз!
- ↓ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!
- ↓ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!

Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)

ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.

Оқу мақсатын таныстыру

Күтілетін нәтижені анықтау

(Ж, Ұ) «Сенесіңдер ме?» әдісі.

Мен сендерге бірнеше сөйлемдерді оқимын, егер келіссеңдер, қолдарыңды көтересіңдер, егер келіспесеңдер, көтермейсіңдер.

- * Спорт денсаулықты нығайтады дегенге сенесіңдер ме? (+)
- * Спорт түрлері көктемгі және күзгі деп бөлінеді дегенге сенесіңдер ме? (-)
- * Олимпиадалық ойындар спорттық жарыстың ең басты түрі дегенге сенесіңдер ме? (+)
- * Спортпен айналысу кезінде жарақат алып қалу мүмкін дегенге сенесіңдер ме? (+)
- * Спортпен айналысу кезінде жарақаттан аулақ болу мүмкін емес дегенге сенесіңдер ме? (-)

Мақсатты тұжырымдау.

Балалар, бүгінгі сабағымызда қандай тақырыпты сөз ететін боламыз?

Бүгінгі сабағымызда спорттың түрлерінде кездесетін жарақаттардың не себептен болатынын зерттейміз және осы жарақаттардың алдын алуға қажетті шараларды ұсынатын боламыз.

Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.

Сұраққа жауап берген оқушының мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.

Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары

Ортасы
11-35 мин

«Ассоциациялар» стратегиясы.

(Ж, Ұ) «Жарақат» сөзін естігенде көз алдарыңа не келеді, қандай ассоциациялар пайда болады?

Тапсырманы орындаған

	<div data-bbox="593 181 1023 611" data-label="Diagram"> </div> <p>Дескрипторы: спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қауіпін алдын алу әдістерін ұсынады. (Ж) Оқулықтағы сызбамен жұмыс жасаймыз. Сызбаға қарап жарақаттың түрлерін атаңдар. Осы сызбаға алып- қосарларың бар ма? (Т) Терминдермен жұмыс жасаймыз. Жаңа терминдердің мағынасына қатысты бір-бірімізге сұрақтар қоямыз. Оқушы дәптеріндегі А1-тапсырманы орындау. Электронды қосымшадан «Спортпен айналысу кезінде алатын жарақаттардан өзінді қалай қорғау керек?» деген бейнематериалды қарау</p>	<p>оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары.</p>
<p>Аяқталуы</p>	<p>Бірінші топқа тапсырма. Оқулықтағы бізге берілген ақыл-кеңестердің негізінде «Жарақатқа жол жоқ» үндеухатын құрастырыңдар. Естерінде болсын, үндеухаттың мазмұны қысқа әрі мәнерлі болу керек.</p> <p>Екінші (үшінші, төртінші) топқа тапсырма. Сендер таңдаған спорт түрінде кездесетін жарақаттарды қалай болдырмауға болады? Соған қатысты тыйым салатын белгілерді ойлап тауып, олардың суретін дөңгелекшелердің ішіне салыңдар. Осы белгіге қатысты ереже құрастырыңдар. Топтардың тапсырмаларды көрсетуі.</p> <p>ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы топтардың бірін- бірі өзара бағалауы. Оқушы дәптеріндегі В1, 2-тапсырмаларды орындау. (Ж) Жарақат алып қалған жағдайда не істеу керек? Тәжірибелі дәрігердің ақыл-кеңестерін оқыңдар. Жарақат алып қалған жағдайда нені істеп, нені істемеу керектігі жайлы бір-біріңе түсіндіріңдер. Оқушы дәптеріндегі А2-тапсырманы орындау. Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Кері байланыс парағы. «Бағдаршам» әдісі бойынша.</p> <div data-bbox="408 1783 1233 2018" data-label="Diagram"> </div>	<p>Түрлі түсті суреттері бар журналдар, флипчарт, желім</p> <p>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.</p>

Қосымша ақпарат

Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?

Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?

Бүгін оқушылар не білді?

Сыныптағы ахуал қандай болды?

Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?

Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?

Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?

- 1.
- 2.

Мектеп: №11 <i>Мурғалиев</i>		
Сабақ тақырыбы: Спорттан жарақаттанудың алдын алу шаралары Бөлім бойынша жиынтық бағалау.		
Күні: 13.12.2019ж	Мұғалімнің есімі	
Сынып: 4	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Сабаққа негізделген оқу мақсаты	4.1.4.1 –спорттың әр түрінен алатын жарақаттанудың себептерін зерттеу. 4.1.4.2 –спорт түрлерімен айналасу кезінде жарақат алу қаупін азайту және жарақаттың алдын алу әдістерін ұсыну.	
Сабақ мақсаттары:	<p>Барлық оқушылар: спортпен айналысу кезінде алатын жарақаттардың себептерін түсіндіреді; жарақаттың түрлерін атайды.</p> <p>Көптеген оқушылар: «Жарақатқа жол жоқ» үндеухатын құрастырады; жарақат алған кезде нені жасап, нені жасамау керекін түсіндіреді.</p> <p>Кейбір оқушылар: өздері таңдаған спорт түрінде кездесетін жарақаттардың алдын алу шараларына қатысты жаднама құрастырады; осы жаднаманы құрастыруға қажетті материалдарды Қосымша ақпараттан, спорттық әдебиеттерден табады.</p>	
Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	<ul style="list-style-type: none"> • спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қаупін алдын алу әдістерін ұсынады. 	
Тілдік мақсаттар	<p>Тілдік дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қаупін алдын алу әдістерін ұсынады. 	
Құндылықтарды дарыту	<p>Терминология: жарақат – травма – injury; жарақаттанушылық – травматизм – traumatism; алдын алу – профилактика – prevention.</p>	
	<p>Диалогке/жазылымға қажетті сөйлемдер: Кез келген жарақаттың алдын алуға болады. Жарақатты болдырмауға қатысты шараларды құрастыру. Жарақаты ауыр болған жағдайда зардап шегушіні тез арада ауруханаға жеткізу керек.</p>	
	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыстар	Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.	
АКТ қолдану дағдылары	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;	
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	Оқушылар өз міндеттерін, топтық спорт түрлерін, бір немесе басқа спорт түрлерімен айналысуға арналған деректерді мысалдар негізінде дәлелдеп бере алады.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар